



ПРИКАЗ

БҰЙРЫҚ

№ 3

поселок Жанаарқа

09.01.2023 жыл

Жанаарқа кенті

Білім беру ұйымдарының оқушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету туралы

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы №320 «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» Қаулысына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 7 желтоқсандағы № 490 бұйрығымен енгізілген өзгерістерді ескере отырып), Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚР ДСМ-76 «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық – эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы, Ұлытау облыстық маслихатының XII сессиясының 2022 жылғы 14 желтоқсандағы №12/84 «2023-2025 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы шешімі мен Ұлытау облысының білім басқармасының 2022 жылғы 26 желтоқсандағы №84-н бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

- 1.1. 2023 жылғы 09 қаңтардан бастап жергілікті бюджет қаражаты есебінен тамақтанатын 1-4 сынып білім алушыларын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64

қаулысымен көзделген бюджет қаражаты шеңберінде тамақтанатын 5-11 сынып білім алушыларын бір реттік тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету бойынша жұмыс ұйымдастырылсын.

- 1.2. 1-4 сыныптар барлығы – 2451 оқушы, жалпыға міндетті білім беру қорынан әлеуметтік санатына қарай ыстық тамақпен қамтылатын – 502 оқушы.
- 1.3. Бір мезгіл ыстық тамақ 1 - 4 сыныпқа және жалпыға міндетті білім беру қорынан - 500 теңге мөлшерінде берілуі қамтамасыз етілсін.
- 1.4. Білім беру ұйымдарының асханаларында ата-аналар төлем есебінен тамақтанатын білім алушылардың қолма – қол ақшасыз есеп айырысуы бойынша тиісті шаралар ұйымдастырылсын.
- 1.5. Стандартқа сәйкес жалпыға міндетті білім беру қорынан тегін тамақтандыруға тиесілі құжаттарды жинастыруды қадағалау әдіскер А.Акимоваға міндеттелсін.
- 1.5. Бюджеттен бөлінген қаражатпен білім мекемелерінің жүйелі түрде қамтамасыз етілуін қадағалау аудандық білім бөлімінің бас бухгалтері Л.А.Бекқожинаға міндеттелсін.
- 1.6. Мектептерде 2023 жылдың 09 қаңтарынан бастап ыстық тамақ берілсін.
- 1.7. Барлық білім беру ұйымдарында тамақтану сапасының жүйелі мониторингін және ыстық тамақтануды ұйымдастыру жөніндегі ақпаратты интернет-ресурста «Мектептік тамақтандыру» айдарында орналастыру қамтамасыз етілсін.
- 1.8. Осы бұйрықтың орындалысын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Басшы



М.Е.Балабаева



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

04.01.2023 жыл

№ 2

Жаңаарқа кенті

поселок Жаңаарқа

Тамақтану сапасын бақылау бойынша ведомствоаралық сараптамалық тобын қуру туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» №598 бұйрығына сәйкес мектепте оқушыларды сапалы аспен қамтамасыз ету және ас әзірлеу технологиясының дұрыс сақталуын қадағалау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Тамақтану сапасын бақылау бойынша ведомствоаралық сараптамалық топтың келесі мүшелері құрылсын:
Ибраева Ш.К. – «Жаңаарқа аудан әкімінің аппараты жанындағы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды бақылау» бөлімінің басшысы;
Оқасова А.К. – аудандық қамқоршылық кеңесінің төрайымы;
Рыскелдина А. – қамқоршылық кеңесінің мүшесі, көп балалы ана;
Тусупов А.Б. – «Аманат» партиясының Жаңаарқа аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары;
Сайманов Б.Ш. – Жаңаарқа аудандық маслихаттың депутаты;
Жарылғапов Б.Е. – Жаңаарқа аудандық кәсіпкерлік палатасының директоры;
Қайырова Б.А. – «А.Сейдімбек атындағы ЖББМ» КММ директоры;
Рахимов Р.С. – «С.Сейфуллин атындағы ЖББМ» КММ директоры;
Байшөкенова С.А. – «Е.Шаханов атындағы ТМ (РО)» КММ директоры;

- Кадина К.З. – «Қарлығаш» бөбекжайының меңгерушісі.
2. Орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың тамақтану сапасын бақылау жөніндегі ведомствоаралық сараптамалық жұмыс тобының жоспарын әзірлеу аудандық білім бөлімінің әдіскері А.Акимоваға жүктелсін.
 3. Білім беру бөлімінің жанынан қызмет атқаратын тамақтану сапасын бақылау жөніндегі ведомствоаралық сараптамалық топтар білім ұйымдарындағы тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссиялардың қызметіне жүйелі мониторинг жүргізісін;
 4. Білім ұйымдарындағы балалардың тамақтануын тиімді ұйымдастыру бойынша шаралар қабылдансын;
 5. Комиссия жұмысының қорытындылары білім беру бөлімінің аппараттық және білім беру ұйымдарының педагогикалық кеңесінде қаралсын, бұқаралық ақпарат құралдарына, интернет – ресурстарына орналастыру үшін ақпарат түрінде рәсімделсін.
 6. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Басшы



М.Балабаева



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

04.01.2023 жыл

№ 1

Жаңаарқа кенті

поселок Жаңаарқа

Шалғайдағы ауылдық елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беру ұйымдарына және кейін үйлеріне тегін тасымалдау және қауіпсіздігін қадағалау туралы

Шалғайдағы елді мекендерден балаларды жалпы білім беретін мектептерге және кері қарай тасымал жасау және қауіпсіздігін қадағалау мақсатында **Бұйырамын:**

Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 24 сәуіріндегі № 158 бұйрығының «Шалғайдағы ауылдық елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беру ұйымдарына және кейін үйлеріне тегін тасымалдауды ұсыну» туралы 9 қосымшасына сәйкес келесі жұмыстар жүргізілсін.

1. Оқушылардың өмір қауіпсіздігін және уақытында білім мекемесіне жеткізілуін қадағалауға мектептерде бекітілген бұйрыққа сәйкес жауапты тұлғалар тағайындалсын;
2. Әр мектепте автобустардың (шағын автобус) қозғалыс кестесі және оқушылардың тізімі құрылып, бекітілсін;
3. Тасымал көліктері дыбыс сигналдарымен, «Балалар» белгісімен, жарқылдауық маяктармен жабдықталып, техникалық байқаудан уақытылы өтуі қадағалансын;
4. Оқушыларды тасымалдайтын автокөліктердің қозғалыс кестесі және балаларды тасымалдау кезіндегі қауіпсіздік шараларын сақтау бойынша нұсқаулықтар енгізілсін;
5. Автокөліктердегі санитарлық талаптар мен қауіпсіздік ережелердің сақталуы күнделікті қадағалансын;
6. Оқушылардың көлікті күту алаңшалары әр маусымда қолайлы жағдайда болып, жарық шаммен жабықталуы қадағалансын.
7. Осы бұйрықтың орындалысын қадағалау аудандық білім бөлімінің әдіскері А.Акимоваға жүктелсін.

Басшы

М.Балабаева